

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2022 ЖЫЛҒЫ « <u>14</u> » <u>02</u> №2 редакция	Е 029-04-01.02.1.01-2022


**Blended Learning технологиясын
(магистратура и докторантура) қолдану тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

Е 029-04-01.02.1.01-2022

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылым департаментінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бөлімінде ӘЗІРЛЕНДІ

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім бөлімінің меңгерушісі
« 04 » 02 2022 ж.



М. Хведелидзе

2 КЕЛІСІЛДІ

Ғылым департаментінің директоры
« 11 » 02 2022 ж.



Ж. Бақтығали

Басқарма мүшесі - ғылым және
халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі проректор
« 17 » 02 2022 ж.


А. Шокпаров

Қаржы және есеп департаментінің
директоры – бас бухгалтер
« 10 » 02 2022 ж.



Г. Токжигитова

Қашықтан білім беру және
кәсіби дамыту
институтының директоры
« 10 » 02 2022 ж.




А. Симонов

Геология және мұнай-газ ісі
институтының директоры
« 09 » 02 2022 ж.




А. Сыздыков

Тау-кен-металлургия
институтының директоры
« 09 » 02 2022 ж.




Қ. Рысбеков

Энергетика және машинажасау
институтының директоры
« 09 » 02 2022 ж.



Қ. Елемесов


Жобаларды басқару
институтының директоры
« 08 » 02 2022 ж.



Б. Амралинова

Автоматика және ақпараттық
технологиялар институтының
директоры


«08» 02 2022 ж.



Р. Ускенбаева

Сәулет және құрылыс
институтының директоры

«08» 02 2022 ж.



Б. Куспангалиев

Тіркеу кеңсесінің басшысы


«07» 02 2022 ж.



Н. Кызылбаев

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы


«07» 02 2022 ж.



А. Сауранбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы

«01» 02 2022 ж.



Т. Абуkenов

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімі
бастығының міндетін атқарушы

«04» 02 2022 ж.



Ж. Оракбаева

3 Басқарманың 2022 жылғы «14» 02 № 2 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №1 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Қызметтің нормативтік негіздері	5
2. Терминдер мен анықтамалар	5
3 Мақсаты мен міндеттері	6
4 Жалпы бағыттары	6
5 Жалпы ережелер	7
6. Аралық аттестаттау және емтихан сессиясын өткізу процесі	8
Қосымшалар	12
Өзгерістерді тіркеу парағы	12

1 Қызметтің нормативтік негіздері

Blended Learning (бұдан әрі - BL) технологиясы шеңберінде оқыту процедуралары келесідей нормативтік құжаттарға негізделген:

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚРЗ "Білім туралы" Заңына;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;

– «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Басқармасының 2022 жылғы 14 қаңтардағы №3 шешімімен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясының ережелері (PhD докторантура);

– «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Басқармасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №2 шешімімен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Кредиттік оқыту технологиясының ережелері (магистратура);

– «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Сапа жөніндегі нұсқаулығы және Сапа саласындағы саясаты.

2 Терминдер мен анықтамалар

Blended Learning (аралас оқыту) - бұл магистрант/докторант өз бетінше онлайн және оқытушымен бірге білім алатын білім беру тұжырымдамасы. Blended Learning бұл дәстүрлі әдістер мен өзекті технологияларды біріктіру мүмкіндігі;

Мультимедиялық өнім - интерактивті компьютерлік әзірleme, оның құрамына: музыкалық және тілдік сүйемелдеу, бейнеклиптер, анимация, графикалық кескіндер, мәліметтер базасы, мәтін кіруі мүмкін;

Магистр - магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

Магистрант - магистратурада оқитын тұлға;

Магистратура – «магистр» дәрежесі берілетін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру бағдарламалары.

Докторант – докторантурада оқитын тұлға;

Докторантура - философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі берілетін ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру бағдарламалары;

Білім беру порталы - ҚББТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстар мен интернет сервистерінің жүйелі-ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы;

Цифрлық контент - цифрлық оқу материалдарын (мәтіндер, графика, мультимедиа және өзге де ақпараттық маңызды толықтыру) ақпараттық толықтыру;

Тест орталығы - өңірлерде емтихан өткізуге жауапты ұйым.

3 Мақсаты мен міндеттері

Университетте Blended Learning технологиясын қолдану арқылы оқу процесін іске асырудың мақсаттары:

- білім алушыларға тікелей тұрғылықты жері немесе олардың уақытша тұратын жері бойынша білім беру бағдарламаларын меңгеруге мүмкіндік беру;
- мүмкіндігі шектеулі тыңдаушыларға инклюзивті білім алуға мүмкіндік беру;

- білім беру қызметтерін барынша ыңғайлы нысанда ұсыну есебінен Университетте білім алушылар контингентін ұлғайту;

- Университеттің ғылыми және әдістемелік әлеуетін пайдалануды қарқындату;

- оқытудың электрондық және классикалық түрлерін біріктіру арқылы білім беру сапасын арттыру;

- білім берудің қолжетімділігін арттыру;

- магистранттың/докторанттың өзіндік жұмысының тиімділігін арттыру және оның орындалуына автоматтандырылған (ішінара автоматтандырылған) бақылауды қамтамасыз ету;

- оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру шығындарын оңтайландыру болып табылады.

Университетте Blended Learning технологиясын қолдану арқылы оқу процесін жүзеге асырудың міндеттері:

- негізгі қызмет орнынан қол үзбей білім алу мүмкіндігін беру;

- жаһандық білім беру процесінде бәсекеге қабілетті білім беру порталы мен цифрлық контентті дамыту;

- тиімді білім беру курсы әзірлеу болып табылады.

4 Жалпы бағыттары

4.1 Осы ереже білім алушылардың Сәтбаев Университетінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын (магистратура, PhD докторантура) өтуі кезінде Blended Learning (бұдан әрі - BL) технологиясын қолдануды реттейді.

4.2 Осы Ереже Қазақстан мен Орталық Азия өңірлерінде жұмысқа орналасқан, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастыру кезінде қолданылуы мүмкін.

4.3 Осы Ережеде негізінен мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, білім алушы мен оқытушының жанама (қашықтықта) немесе толық

емес жанама өзара іс-қимылы кезінде іске асырылатын, қашықтағы қатысушылардың ашық қол жеткізу арналары арқылы интерактивті өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін оқу процесін ұйымдастыру технологиясы ретінде түсініледі.

4.4 BL технологиясы білім берудің дербес жеке нысаны болып табылмайды, тек заңнамада белгіленген білім алу нысандарын толықтырады және қолдайды.

4.5 Аралас оқыту (BL) форматындағы оқу процесін ұйымдастыру оқытушы мен білім алушылардың күндізгі оқу өзара іс-қимылының дәстүрлі нысандарын қоспағанда, жекелеген қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылады.

4.6 Аралас оқыту форматындағы теориялық оқыту кезеңінде пәндерді оқыту оқытушылармен байланыс сағаттары арқылы, қашықтан оқытудың электрондық жүйесі және дербес оқу орталары арқылы жүзеге асырылады, онда білім алушыға барлық оқу материалдары (дәрістер конспектілері, бейне дәрістер, презентациялар), тапсырмалар (тесттер, жазбаша тапсырмалар, ұжымдық талқылау) ұсынылады.

5 Жалпы ережелер

5.1 Университетте BL технологиясын қолдана отырып оқытуды ұйымдастыруды шығарушы кафедра және тиісті институт қамтамасыз етеді.

5.2 Білім алушыға BL технологиясы бойынша оқу мүмкіндігін беру туралы шешімді ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор тиісті кафедра меңгерушісінің, тиісті институт директорының, сондай-ақ растайтын құжаттар болған кезде қабылдайды.

5.3 Білім алушы BL технологиясын пайдалана отырып, білім алу үшін осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың атына өтініш беруі, сондай-ақ кафедра меңгерушісі мен институт директорының келісімін алуы қажет. Қазақстан және Орталық Азия өңірлерінде жұмысқа орналасқан білім алушылар, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін білім алушылар BL технологиясын пайдалана отырып оқуға ауысу кезінде жұмыс орнынан, мүмкіндігі шектеулі білім алушылар еңбекке жарамсыздық туралы ДKK анықтамасын және/немесе білім алушылардың Университетте оқу сабақтарына қатысу мүмкін еместігін растайтын физикалық шектеулерінің болуы туралы анықтама ұсынуы қажет.

5.4 Білім алушыны BL технологиясын пайдалана отырып оқуға ауыстыру ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың бұйрығымен ресімделеді. Бұйрықты жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі шығарады.

5.5 Білім беру процесін ұйымдастыру білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен және академиялық күнтізбемен реттеледі.

5.6 Ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың өкімі негізінде магистранттар мен докторанттар Polytech Online-да тіркеледі (<http://polytechonline.kz/>).

5.6 Ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың бұйрығы негізінде магистранттар мен докторанттар Polytech Online-да (<http://polytechonline.kz/>) тіркеледі немесе MS Office 365 (бұдан әрі - Microsoft teams) платформасында (барлық топ осы платформада оқыған жағдайда) оқытуды жалғастырады.

5.7 Оқытушылар Microsoft teams платформасына пәндер бойынша ПОӘК жүктейді.

5.8 Кафедра және оның оқытушылары барлық дәрістер мен зертханалық/практикалық сабақтарды жазуды, магистранттар мен докторанттар тобына командаға қосылуды, жұмыстарды беруді және қабылдауды қамтамасыз етеді.

5.9 Аттестаттау және емтихан сессиясы кезеңінде магистранттар мен докторанттардың қатысуы білім беру порталында белгіленеді.

5.10 Басқа қалаларда жұмыс істейтін магистранттар мен докторанттар педагогикалық практикадан орналасқан жері бойынша ЖОО кафедрасында немесе дәріс сабақтарын онлайн өткізу арқылы өте алады. Магистранттар мен докторанттар аталған ЖОО кафедрасының алдын ала келісімін ала отырып, практикадан өту орнын өз бетінше таба алады.

5.11 Магистранттар мен докторанттар орналасқан жері бойынша ЖОО кафедрасының алдын ала келісімін алғаннан кейін педагогикалық практикадан өтетін ЖОО, Сәтбаев Университеті және магистрант немесе докторант арасында педагогикалық практикадан өту туралы үш жақты шарт жасасады.

6 Аттестаттауды, емтихан сессиясын және қорытынды аттестаттауды өткізу процесі

6.1 Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі тиісті кафедра меңгерушісіне және тиісті институт директорына жүктеледі, нәтижелерді ұсыну BL технологиясы бойынша оқыту шеңберінде сабақ жүргізетін оқытушыларға жүктеледі.

6.2 Аттестаттауды тапсыру сабақ кестесіне сәйкес аттестаттау аптасы кезеңінде Microsoft Teams платформасы арқылы іске асырылады. Оқытушылар аттестаттау аптасы басталғанға дейін Microsoft Teams-ке аттестаттау тапсырмаларын жүктейді. Магистранттар мен докторанттар бұрын тіркелген аттестаттау тапсырмаларын орындайды және өз жұмысының нәтижелерін Microsoft Teams-қа тіркейді, бұл туралы оқытушыға қосымша хабарлайды.

6.3 BL технологиясы бойынша оқуды таңдаған магистранттар мен докторанттарға 0/0/100 форматында оқу мүмкіндігі беріледі.

Магистранттар мен докторанттар теориялық курс (академиялық кезең) басталғанға дейін 0/0/100 форматын таңдау туралы хабарлауы тиіс.

6.4 0/0/100 форматы бойынша оқыту семестр бойы онлайн оқытуды

көздейді және білім алушының оқытушы тарапынан барлық талаптарды орындауын қамтиды:

- әрбір пән бойынша бекітілген силлабусқа сәйкес тапсырмаларды орындау (осы формат бойынша оқуға келіскен білім алушы оқытушыға орындалған тапсырмаларды беруге міндетті)

- әрбір аттестаттау аптасының соңына дейін силлабусқа сәйкес барлық тапсырмаларды тапсыру.

0/0/100 қорытындысы: екі аттестаттау нәтижелері бойынша бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес кезең ішінде офлайн форматта қорытынды емтихан тапсыру.

Білім алушыларға сессия басталғанға дейін силлабусқа сәйкес белгіленген тапсырмаларды тапсырудың икемді кестесіне рұқсат етіледі, бұл ретте белгіленген тапсырмаларды тапсыру міндетті болып табылады.

Білім беру платформаларында дәрістер мен сабақтардың басқа түрлерін өз бетінше қарауға болады.

Емтихан өткізілгеннен кейін оқытушы білім алушылардың жіберген тапсырмалары бойынша балдарды және емтиханда алған балын ескере отырып, тізімдеменің қағаз нұсқасын дайындайды және оны өз қолымен куәландырып Тіркеу кеңсесіне тапсырады.

1-қосымша

VL оқыту нысаны бойынша бизнес-процесс

№	Атауы
1.	Магистранттардың/ PhD докторанттардың растайтын құжаты бар өтініші
2.	ҒжХЫ жөніндегі проректордың бұйрығы
3.	Сабақ кестесі
4.	Профессор-оқытушылар құрамынан ПОӘК
5.	Материалдарды платформада орналастыру
6.	Магистранттар мен докторанттардың оқу процесін бақылау және мониторингілеу

2-ҚОСЫМША

Жетекшілік ететін проректорға
(ТАЖ)

«_____» БББ _____ курс
магистранты / PhD докторанты
(ТАЖ) _____

тел. _____

Өтініш

Сізден маған вахталық жұмыс әдісіне/ _____ қаладағы жұмысқа / денсаулық жағдайыма байланысты Blended Learning технологиясы бойынша оқуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Жұмыс орнынан анықтама / Медициналық анықтама қоса беріледі.

Қолы _____

Күні _____

Келісуші лауазымы	тұлғаның	Виза, күні	Тегі, аты-жөні
Институт директоры			
Кафедра меңгерушісі			

[illegible]